Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 2 қыркүйек №4712-25-00-2/2683 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Н.Худибаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің "№ 13 Дарын мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер "DS Service Company" басшысы Дильманов Сундет Аллабергенович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюы–қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "DS Service Company" басшысы Дильманов Сундет Аллабергеновичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "DS Service Company" басшысы Дильманов Сундет Аллабергеновичтен мемлекет пайдасына 9 628 (тоғыз мың алты жүз жиырма сегіз) теңге тұрақсыздық айыпппұлмен және 2 255 (екі мың екі жүз елу бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде

осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Н.Худибаева

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 03.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.10.2025, судья Худибаева А. Н. 08.10.2025

4712-25-3-1/2481